14 Құсайынов А.Қ., Асылыов Ұ.Ә. Оқулықтанудың өзекті мәселелері. – Алматы, 2000-158б.

15 Проблемы школьного учебника : XX век: Итоги / Под ред. Д.Д. Зуева. – М., 2004-207б.

16 Избасарова Р.Ш., Мансуров Б.А., Жумагулова К.А. «Применение современных технологий обучения на естественнонаучных дисциплинах общеобразовательной школы» - учебно-методическое пособие. Алматы. «Улагат», КазНПУ им.Абая. 2014. 67с.

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ВОА 3302 Биологияны оқыту әдістемесі

5В012500 – Химия-Биология

2 кредит

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Шілдебаев Ж.Б. – п.ғ.д., профессор., Абай атындағы ҚазҰПУ;

Тлеубергенова К.А.– п.ғ.к., доцент ҚазМемҚызПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Түсінік хат

Биологияны оқыту әдістемесі пәні - орта мектептегі биологияны оқыту мақсаттары мен міндеттерін және мектеп биология курсының мазмұнын, заманауи технологияларды қолдануын, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру нысандарын анықтайды.

«Биологияны оқыту әдістемесі» пәнінің **мақсаты:** студенттерді оқушыларға білім мен тәрбие беру теориясы мен әдістемесі бойынша білім-біліктермен қаруландыру болып табылады.

«Биологияны оқыту әдістемесі» пәнінің негізгі **міндеттері:**

- оқушыларға биологиялық білім беру жүйесін; биология пәнінің орта мектептерге арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұнын мен оларды құру ұстанымдарын; оқытуға қойылатын осы заманғы талаптар мен оларды іске асыру технологияларын меңгеру;
- биологияны оқыту жөніндегі оқу-тәрбие үрдісін жүзеге асыру және пән бойынша таңдау курстары мен сыныптан тыс сабақтарды өткізу біліктерін қалыптастыру;
- оқытудың техникалық құралдары мен ақпараттық және компьютерлік технологияларын қолдану.

«Биологияны оқыту теориясы мен әдістемесі» пәнін оқыту негізінде **студент:**

- еліміздегі жаратылыстану әдістемесінің даму тарихын;
- заманауи орта мектептегі биологиялық білім беру жүйесін;
- биология пәнінің орта мектептерге арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұнын және оларды құру ұстанымдарын;
- биологияны оқыту әдістері мен нысандарына қойылатын заманауи талаптарды;
- биология пәні бойынша оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру нысандарын;
- биологияны оқыту әдістерін іріктеу ұстанымдарын;
- биология кабинетін заманауи талаптарға сәйкес жабдықтауға және ондағы құрал-жабдыққа қойылатын талаптарды *білуі керек;*
- игерілетін материалдың оқу-тәрбие міндеттерін анықтау;
- оқу материалының ғылыми мазмұнын оқушылардың жас шамасына қарай бейімдеу;
- биологияны оқытудың жылдық және тақырыптық жоспарларын әзірлеу;
- сабақтардың, сондай-ақ зертханалық сабақтардың жоспарларын құру және конспектілерін жазу;
- оқу барысында оңтайлы нысандарды, әдістер мен әдістемелік амалдарды, оқытуға деген проблемалық және зерттеушілік көзқарасты жүзеге асыру;
- нақты сабақ әрі сабақтың тиісті нысаны үшін мейлінше тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау;

- биология кабинеті мен зертханалық сынып бөлмесін құралдандыру мен тазалықта ұстау, оларды табиғи және бейнелеуіш көрнекі құралдармен жабдықтау;
- оқыту барысында әр алуан көрнекі құралдарды іріктеп-пайдалану;
- оқытудың техникалық құралдарын, ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану;
- биология пәні бойынша таңдау курстары мен оқушылармен сабақтан тыс жұмысты өткізу, оларға арнап авторлық бағдарламалар жасау;
- оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру мен өзінің біліктілігін арттыру мақсатында бұл жұмыстың нәтижесін талдау;
- сабақ, сондай-ақ зертханалық сабақ үстінде оқушылардың әртүрлі биологиялық білім көздерімен өзіндік жұмысын ұйымдастыру;
- оқыту нәтижелерін бағалаудың осы заманғы құралдарын қолдану *біліктерін игеруі тиіс;*
- табиғат аясына танымжорықты ұйымдастыру мен өткізу;
- мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік үлескіні жоспарлау мен ұйымдастыру, оқушылармен бірге онда жұмыс өткізу *дағдыларын меңгеруі керек.*

Пәннің тақырыптық жоспары

<i>№, р/с</i>	<i>Бөлім атаулары</i>	<i>Барлығы</i>
1.	Биологиялық білім берудің даму тенденциясы мен кезеңдері	12
2.	Биологиялық білім берудің мақсаты мен мазмұны	13
3.	Биологияны оқыту әдістері мен тәсілдері	13
4.	Биологияны оқыту формалары	13
5.	Биологиядан оқу-зерттеушілік іс-әрекеттерді қалыптастыру	13
6.	Биологияны оқытудың технологиялық негіздері	13
7.	Биологиядан оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау	13
Барлығы		90

ПРЕРЕКВИЗИТТЕР ТІЗІМІ:

№	Пән атауы, олардың бөлімдері (тақырыптар)
1.	Педагогика
2.	Ботаника 1,2.
3.	Зоология 1,2.
4.	Биология мектепте
5.	Экология
6.	Заманауи техникалық құралдарды оқыту
7.	Адам анатомиясы
8.	Биохимия
9.	Эволюциялық ілім
10.	Адам және жануар физиологиясы
11.	Генетика және селекция

ПОСТРЕКВИЗИТТЕР ТІЗІМІ:

№	Пән атауы, олардың бөлімдері (тақырыптар)
1.	Биологияны оқытудың заманауи технологиясы
2.	Биология пәні бойынша педагогикалық практика

Пәндік құзыреттіліктер төмендегідей сипаттарға ие:

- биологияны оқыту әдістемесінің тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, оның педагогикалық ғылым жүйесіндегі орны мен құндылығын, жаратылыстану әдістерінің даму тарихы мен қазіргі жағдайын *біледі*;
- орта білімнің ерекшеліктерін түсінеді, әр жастағы балаларға білім беруде сабақтастықты іске асыратын құралдарды *меңгерген*;
- орта мектеп оқушыларына биологияны оқытудың әдістерін, тәсілдерін технологиясын *игерген*;
- бақылаулар мен тәжірибелер нәтижелерін педагогикалық тұрғыдан талдау әдістерін және компьютерлік үлгілеуді қолдануды игерген.
- оқу нәтижесіне бағытталған педагогикалық іс-әрекеттер алгоритмін *қолданады*.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

1. Биологиялық білім берудің даму тенденциясы мен кезеңдері

Биологияны оқыту теориясы мен әдістемесінің жалпы білім беретін мектепте дамуының негізгі кезеңдері. Жаратылыстануды оқыту әдістемесінің XVIII ғ. соңында қалыптасуы. Мектептегі жаратылыстанудың практикалық-сипаттамалық, сипаттамалық-систематикалық, биологиялық, экологиялық

және эволюциялық даму бағыттары. Жаратылыстануды оқыту әдістемесінің XIX ғ. мектебінде дамуы. А.Я.Герд, В.В.Половцов, Д.Н.Кайгородов, К.П.Ягодовский сынды ғалымдардың сол кездегі Ресей мен оның құрамындағы халықтардың жаратылыстану әдістемесінің дамуына ықпалы. Жаратылыстануды оқыту әдістемесінің кеңестік кезеңде дамуы.

Қазақ КСР-ының жалпы білім беретін мектептерінде биологияны оқытуға арналған алғашқы Х.Д.Досмұхамедов пен Ж.М.Күдериннің оқу әдебиеттерінің әдістемелік сипаттамасы.

Б.Е.Райков, И.И.Полянский, Б.В.Всесвятский, П.И.Боровицкий, Н.А.Рыков, Н.М.Верзилин, В.М.Корсунская, Б.Д. Комиссаров, И.Д.Зверев, Т.М.Мұсақұловтардың жалпы және кәсіптік білім беретін мектептерде биологияны оқыту мен тәрбиелеу теориясының дамуына қосқан үлестері.

Биологиялық білім беру дамуының XX ғ. 2-жартысындағы үрдістері.

Кеңестік кезеңдегі қазақстандық авторлар, олардың жарық көрген еңбектері. Отандық «Табиғаттану» оқулықтары мен әдістемелік құралдарының алғашқы авторлары: Т.М.Мұсақұлов, Б.В.Мұқанов, С.Жұмабаев, А.Көрғұлин, К.Жүнісова, Ш.И.Избасаров, Қ.Аймағамбетова, Ә. Бірмағанбетов. Тауелсіз Қазақстанның жаңа буын оқулықтарының негізін қалаушылар (К. Жүнісқызы, Н.Торманов, Қ.Ә.Жұмағұлова, Р.Әлімқұлова, К.К.Мухамбетжанов, Д.Б.Чилдибаев, А.Аметов, Ж.Қожантаева, Р.Сәтімбеков, Қ.Қайым).

2. Биологиялық білім берудің мақсаты мен мазмұны

Биологияны оқыту тұжырымдамасы. Биология пәніне арналған Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты (1998 ж, 2002 ж, 2010 ж.). ҚРЖМБС құрылымы.

Биологиядан оқу бағдарламалары. Оқу бағдарламасының қызметтері.

Биологиядан мектеп оқулықтары: құрылымы, қызметі. Биологиялық білім беру мазмұнының құрылымы (сызықтық, концентрлі).

Биологияны оқытудағы дидактикалық ұстанымдар. Биологияны оқытудағы ұғымдар жүйесі.

Биологияны оқыту барысында оқушыға кәсіби бағдар беру проблемасы. Биологияны оқытуда оқушыларды тәрбиелеу.

3. Биологияны оқыту әдістері мен тәсілдері

Биологияны оқыту әдістеріне жалпы сипаттама. Биологияны оқыту әдістері, олардың критерийлері мен белгілері. Оқыту әдістерінің жіктелісі, оларды биологияны оқытуда білім беру мақсаты мен мазмұнына сай қолдану мүмкіндіктері. Биологияны оқытудағы сөздік әдістердің ерекшеліктері. Көрнекілік әдістердің биология сабағындағы ролі. Биологияны оқытудағы практикалық әдістер. Интербелсенді әдістер. Биологиядан білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.

4. Биологияны оқыту формалары

Оқыту формалары туралы жалпы мағұлматтар.

Биологияны оқыту формаларының өзіндік ерекшеліктері мен қызметтері.

Сабақ – биологияны оқытудың негізгі формасы. Биология сабағының негізгі құрылымы. Сабақ қызметтері. Биология сабағының типтері. Сабақты жоспарлау түрлері (ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді).

Зертханалық сабақ – мектеп биологиясын оқыту формасы. Зертханалық сабақты ұйымдастыру ерекшеліктері, құрылымы, оған қойылатын талаптар.

Мектеп дәрісі биологияны оқытудың бір формасы, оның түрлері. Мектеп дәрісін ұйымдастырып, өткізуге қойылатын талаптар. Семинар – жоғары сынып оқушыларының оқу іскерліктерін қалыптастыру формаларының бірі. Семинар сабағының ерекшеліктері.

Топсеруен биологияны оқыту формасы, оның белгілері. Биология пәні бойынша өткізілетін топсеруендер жіктелісі. Биология пәні топсеруендерінің құрылымы, мақсаты мен мазмұны. Табиғат аясында топсеруендерді ұйымдастыру мен өткізу әдістемесі. Биология пәні бойынша топсеруендерді өткізу теориясы мен әдістемесі жайлы әдебиеттерді салыстырмалы түрде талдау.

Биология пәніне арналған сыныптан тыс жұмыс, оның түрлері. Биология пәнінен сыныптан тыс өткізілетін жұмыстың әр алуан түрлерін (әдістемелік әдебиетті салыстырмалы түрде талдау негізінде) сипаттау.

Биологияны оқытудың материалдық базасы. Биология кабинетін, тірі табиғат бұрышын, оқу-тәжірибелік учаскені ұйымдастыруға қойылатын дидактикалық және әдістемелік талаптар. Биологияны оқытудың құрал-жабдықтары (жіктелісі мен сипаттамасы). Биология пәнінен қосымша білім беру. Биологиялық олимпиадалар мен байқауларды ұйымдастыру әдістемесі.

5. Биологиядан оқу-зерттеушілік іс-әрекеттерді қалыптастыру

Биологиялық зерттеуді ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері: ғылыми зерттеуді ұйымдастыруға қойылатын талаптар, проблеманы белгілеу, зерттеудің негізгі міндеттерін анықтау. Биологиялық білім беруде оқушылардың оқу-зерттеушілік іс-әрекеттерін дамыту әдістері. Тәжірибе және бақылау жүргізу, алынған нәтижелерді талдау және өңдеу. Зерттеу жұмыстарын ғылыми мәтін ретінде құрылымдау, зерттеу жұмыстарын рәсімдеу.

Зерттеу жұмыстарын бағалау өлшемдері, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, рефлексия.

6. Биологияны оқытудағы инновациялық технологиялар

Білім берудегі педагогикалық заманауи технологиялардың түрлері және жалпы сипаттама.

Ақпараттық технологиялар. Биологияны оқытудағы проблемалық технологиялар. Модульдік оқыту технологиясы. Жобалау технологиясы.

Ойын технологиясы. Кейс технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

7. Биологиядан оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау

Биология бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау. Оқу жетістіктерін бақылау ұстанымдары. Оқу жетістіктерін бақылау жүйесі, түрлері мен формалары. Оқу және оқыту үшін бағалау. Критериальды бағалау (қалыптастырушы, жинақтаушы)

Зертханалық сабақ тақырыптарының тізімі (шамамен алынған)

1. Жалпы білім беретін мектептегі биология курсының оқытудың жылдық (перспективалық) және тақырыптық жоспарларын құру. ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ салыстырмалы талдау.

2. Қоршаған дүние курсы мен жаратылыстану пәні бойынша қалыптасатын биологиялық ұғымдарды одан әрі биология курсына дәйекті дамытуға бағытталған оқу қызметін жоспарлау.

3. Биология курсының негізгі мектептегі пәндерінің мазмұндық сабақтастығын модельдеу мен оның қорытынды нәтижелерін жылдық (перспективалық) және тақырыптық жоспарларда ескеру.

4. «Биология» өсімдік курсының мазмұнын оның биология курсына орнына қарай ірі блоктарға (модульдерге) бөле отырып, пәннің егжей-тегжейлі жеке моделін (тұжырымдамалық мнемосызбанұсқасын) жасап шығару.

5. «Биология» өсімдік курсы бойынша зертханалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар.

6. «Биология» өсімдік курсы бойынша өткізілетін топсеруен сабақтарының оқушыларда тиісті білім-білік пен қасиет-сапаларды қалыптастырудағы рөлі.

7. «Биология» жануар курсы мазмұнын оның биология курсына орнына қарай ірі блоктарға бөле отырып, пәннің тұжырымдамалық мнемосызбанұсқасын жасап шығару.

8. «Биология» жануар курсы бойынша зертханалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар.

9. «Биология» жануар курсы бойынша өткізілетін топсеруен сабақтарының оқушыларда тиісті білім-білік қалыптастырудағы рөлі.

10. «Адам және оның денсаулығы» пәнінің мазмұнын оның биология курсына орнына қарай ірі блоктарға бөле отырып, пәннің тұжырымдамалық мнемосызбанұсқасын жасап шығару.

11. «Адам және оның денсаулығы» пәні бойынша зертханалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар.

12. «Адам және оның денсаулығы» пәні бойынша валеологиялық тақырыптамадағы конференция сабақтарын ұйымдастыру мен өткізу ерекшеліктері.

13. «Жалпы заңдылықтар» пәнінің мазмұнын оның биология курсына орнына қарай ірі блоктарға бөле отырып, пәннің тұжырымдамалық мнемосызбанұсқасын жасап шығару.

14. «Жалпы заңдылықтар» пәні бойынша зертханалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар.

15. «Жалпы заңдылықтарды» мазмұндық ерекшелігіне қарай оқушыларға себеп-салдар байланысын дәлелдеуді үйрететін бірден-бір пән ретінде оқыту (бірнеше сабақ мысалында).

16. Жаратылыстану-математика бағдарындағы жалпы биология курсының мазмұнын оның биология курсына орнына қарай ірі блоктарға бөле отырып, курстың тұжырымдамалық мнемосызбанұсқаларын (екі сыныпқа бөлек-бөлек) жасап шығару.

17. Жаратылыстану-математика бағдарындағы жалпы биология курсы бойынша зертханалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар.

18. Жаратылыстану-математика бағдарындағы жалпы биология курсы бойынша эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар.

19. Қоғамдық-гуманитарлық бағдардағы жалпы биология курсының мазмұнын оның биология курсына орнына қарай ірі блоктарға бөле отырып, курстың тұжырымдамалық мнемосызбанұсқаларын (екі сыныпқа бөлек-бөлек) жасап шығару.

20. Қоғамдық-гуманитарлық бағдардағы жалпы биология курсы бойынша зертханалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар.

21. Қоғамдық-гуманитарлық бағдардағы жалпы биология курсы бойынша эксперименттік жұмыстары ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар.

22. Жалпы биология курсын оқытуда жиі қолданылатын формалардың бірі – дәріс сабағын ұйымдастыру мен өткізу ерекшеліктері.

23. Жалпы биология курсын оқытуда жиі қолданылатын формалардың бірі – семинар сабағын ұйымдастыру мен өткізу ерекшеліктері.

24. Жалпы биология курсы бойынша таңдамалы курстарды жоспарлау мен өткізуге қойылатын талаптар.

25. Жалпы биология курсы бойынша қолданбалы курстарды жоспарлау мен өткізуге қойылатын талаптар.

26. Биология курсы бойынша сыныптан тыс жұмыстарды, соның ішінде биологиялық үйірмелерді жоспарлау мен өткізу талаптары.

27. Биологиялық олимпиадалар мен байқауларды ұйымдастыру әдістемесі.

28. Биология курсы бойынша оқушылар орындайтын ғылыми жобаларды жоспарлау.

29. Оқушыларды биология курсы бойынша мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) мен қорытынды бақылаудың ерекшеліктері.

30. Оқушылардың биология курсынан игеретін білім-біліктер, құзыреттіліктер жүйесін бағалау технологиялары.
31. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.
32. Оқытудан күтілетін нәтижелерді айқындау (нақты бір тақырып мысалында).
33. Критериялы бағалау: қалыптастырушы және жинақтаушы.

СОӨЖ (шамамен алынған)

1. Мектептік биология курсы құрылымының кеңестік кезеңнен егемен Қазақстанға дейін өзгеруіндегі кіріктіру үрдісі.
2. Қазіргі биологияның оқыту және тәрбие теориясына жалпы сипаттама.
3. Х.Д.Досмұхамедов пен Ж.М.Күдериннің оқу әдебиеттерінің Қазақ КСР-ының жалпы білім беретін мектептерінде биологияны оқыту әдістемесін дамытудағы рөлі.
7. Ұлы Отан соғысының жылдарында биологиялық білім берудің жай-күйі.
8. Биологияны оқыту әдістемесінің дамуына Н.М.Верзилин, В.М. Корсункая, Б.В.Всесвятский, А.Н.Мягкова, Б.Д.Комиссаров пен Т.М. Мұсақұловтардың сіңірген еңбегі.
9. Кеңестік кезеңде Қазақ КСР авторларының жарық көрген «Табиғаттану» оқулықтарының ерекшеліктері.
10. Қазақ тілінде жарық көрген кеңестік биология оқулықтарының тарихи маңызы.
11. Биологиялық білім берудің зерттеулерінде педагогикалық эксперименттің алатын орны.
12. Педагогикалық эксперимент нәтижелерін сандық (математикалық) өңдеу проблемасы.
13. Мазмұны (негізге алынған оқу бағдарламасы) сызықтық (тізбекті) принцип бойынша құрылған отандық биология оқулықтарының мысалдары.
14. Мазмұны (негізге алынған оқу бағдарламасы) концентрлік принцип бойынша құрылған отандық биология оқулықтарының мысалдары.
15. Биологиялық білім берудің жалпы білім беретін мектептегі мазмұнын іріктеудің тізбекті және концентрлік принциптерін салыстырмалы түрде талдау.
16. 12 жылдық жалпы орта білім беру жүйесіне өту перспективасы мен биологиялық білім беру мазмұнының құрылымындағы білік-дағдылар, құзыреттіліктер жүйесі.
17. М.Н.Скаткин мен И.Я.Лернердің оқыту әдістерінің жіктелісі мен оларды биология пәнінің тақырыптарын оқытуда қолдану мүмкіндіктері (бірнеше тақырып мысалында).
18. Оқушылардың талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау, нақтылау мен себеп-салдар байланысын дәлелдеу секілді логикалық операцияларға үйренуіне септігін тигізетін оқулық мәтіндері («Жалпы заңдылықтар» пәні мысалында).

19. Оқушылардың талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау, нақтылау мен себеп-салдар байланысын дәлелдеу секілді логикалық операцияларға үйренуіне септігін тигізетін оқулық мәтіндері («Жалпы биология» курсының мысалында –жаратылыстану-математика бағыт).

20. Оқушылардың талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау, нақтылау мен себеп-салдар байланысын дәлелдеу секілді логикалық операцияларға үйренуіне септігін тигізетін оқулық мәтіндері («Жалпы биология» курсының мысалында – қоғамдық-гуманитарлық бағыт).

21. Биология курсы негізгі және жоғары мектеп сатыларында оқыту кезінде индукция және дедукция әдістерін пайдалануға қатысты пікірлер.

22. Биологиялық объектілер мен құбылыстарды түсіндіруде жіктеу, аналогия мен модельдеу әдістерін қолдану мысалдары.

23. Дәстүрлі оқыту жүйесі жағдайында жиі өткізілетін бес кезеңді құрылымды көздейтін аралас сабақтың технологиялық тұрғыдағы сабақтан ерекшелігі.

24. «Биология» өсімдік курсы бойынша жоспарланатын сабақ түрлерін талдау.

25. «Биология» жануар курсы бойынша сабақтың технологиялық картасын әзірлеу.

26. «Биология» жануар тақырыптары бойынша сабақтарды саралап оқытуды ұйымдастыру технологиялары негізінде құру.

27. «Адам және оның денсаулығы» пәнінің бір тарауына арнап проблемалық сипаттағы тапсырмаларды жасау.

28. «Жалпы заңдылықтар» пәнінің тарауларын (тақырыптарын) оқытуда сабақтастық дидактикалық принципінің сақталуын дәлелдеу.

29. «Жалпы заңдылықтардың» биология курсына өзге пәндерден ерекшелігін, атқаратын рөлін түсіндіру.

30. Жаратылыстану-математика бағдарындағы жалпы биология курсы оқытудың пәндік МЖБС-тағы оқушылардың міндетті (минимум) дайындық деңгейіне қойылатын талаптармен байланысын негіздеу (әрбір сынып бойынша бір-бір тарау мысалында).

31. Қоғамдық-гуманитарлық бағдардағы жалпы биология курсы оқытудың пәндік МЖБС-тағы оқушылардың міндетті (минимум) дайындық деңгейіне қойылатын талаптармен байланысын негіздеу (әрбір сынып бойынша бір-бір тарау мысалында).

32. Мектептік биология курсы бойынша білім-білікті (құзыреттіліктерді) бағалаудың тестілеу әдісі, ол бойынша тест тапсырмаларын құруға әрі қолдануға қойылатын дидактикалық талаптар.

33. Оқушыларды биология курсы игеруге жеке тұлғаға бағытталған технологиялар негізінде ынталандыру әрі нәтижесін диагностикалаудың жүйесі.

34. Жаратылыстану-математика бағдарындағы сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру жүйесі.

35. Қоғамдық-гуманитарлық бағдардағы сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру жүйесі.

36. Білім беру сапасын мектепшілік бағалау жүйесіндегі биология курсы бойынша білім-білікті (кұзыреттіліктерді) бағалау технологиялары.

СӨЖ (шамамен алынған)

1. Ізгілендіру мен гуманитарландыру үрдістерінің биологиялық білім берудің дамуына әсері.
2. Технологияландыру мен интенсификацияландыру үрдістерінің биологиялық білім берудегі мәні.
3. Биология оқыту технологиясы пәнінің жалпы және жеке бөлімдерінің ерекшеліктері мен өзара байланысы.
4. Мектеп жаратылыстануының даму бағыттарына негіздеме рөлін атқарған ірі еңбектер.
5. К.Д.Ушинскийдің табиғат туралы білім беру ісіне қосқан үлесі.
6. Жаратылыстанудың дамуына дарвинизмнің тигізген әсері.
7. XIX ғ. 2-жартысының табиғат туралы білім беру әдістемесінің Любендік бағыты.
8. БК(б)П ОК пленумының 1931-ші және 1932 ж. қаулыларының биологиялық білім беру мазмұнына, оның мектептерде оқытылу деңгейіне әсері.
9. 1948–1964 жж. аралығында мектеп биологиясының бағдарламасына енген өзгерістер мен осы кезде жарық көрген биологияның оқу әдебиеті.
10. Қазіргі қазақстандық биология оқулықтарының проблемалары.
11. Биологияның оқыту мен тәрбие теориясының жалпығылыми әдіснамасы туралы түсінік.
12. Биологиялық білім беру зерттеулерінде қолданылатын әдіснамалық ыңғайлардың түрлері, олардың ерекшеліктері.
13. Биологиялық білім беру жүйесі туралы түсінік.
14. «Мәдениет», «кұзыреттілік», «біліктілік», «білім-білік, дағдылар», «құндылық бағдарлары», «қарым-қатынас нормалары мен ережелері» ұғымдарының арақатынасы.
15. Педагогикалық зерттеулердің көкейкестілігін және ғылыми болжамын (-дарын) тұжырымдауға қойылатын талаптар.
16. «Зерттеу проблемасы», ондағы «қарама-қайшылық», «объект», «пән», «мақсат», «міндет» пен «ғылыми болжам» ұғымдарының арақатынасы.
17. Зерттеу нәтижелерін жазбаша ресімдеуде қолданылатын нұсқаулықтар, стандарттар, сөздіктер мен анықтамалықтар.
18. Биологияны оқытудағы «зандар», «заңдылықтар» мен «принциптер» («дидактикалық принциптер») ұғымдарының арақатынасы.
19. Биологиялық білім берудегі оқыту мен тәрбиелеудің байланысы туралы заңдылық.
20. Биологиялық білім берудегі іс-әрекетті ынталандыру заңдылығы.
21. Биологияны оқытудың негізгі дидактикалық принциптері.
22. Н.М.Верзилин мен В.М.Корсунскаялар ұсынған мектептік биология курсы ұғымдарының жүйесі.

23. А.Н.Мягкова мен Б.Д.Комиссаровтар ұсынған мектептік биология курсы ұғымдарының жүйесі.

24. Оқыту әдістерінің эволюциясы мен биологияны оқытуда қазіргі кезде орныққан түрлері.

25. Мақсат иерархиясы мен биология пәнінің МЖБС-ы.

26. МЖБС, «білім беру мазмұны», «білім беру деңгейі», «білім беретін оқу бағдарламалары», «білім беру жүйесі», «базистік оқу жоспары» ұғымдарының арақатынасы.

27. Биологиялық білім берудің жалпы білім беретін мектептегі мазмұнын іріктеудің (мектептегі биология курсы пәндерінің оқу бағдарламаларын құрудың) тізбекті принципі.

28. Биологиялық білім берудің жалпы білім беретін мектептегі мазмұнын іріктеудің (мектептегі биология курсы пәндерінің оқу бағдарламаларын құрудың) концентрлік принципі.

29. «Білім беру вариативтілігі», «авторлық оқу бағдарламалары», «әртүрлі нұсқадағы оқу әдебиеті» ұғымдарының арақатынасы.

30. Жалпы білім беретін мектептерге биология курсы арналып жарық көрген авторлық оқу бағдарламалары мен оқу әдебиеттері (баспа, авторлар ұжымы, авторлық тұжырымдама, т.с.с. мәлімет).

31. Дүниетану (қоршаған дүние) курсының биология курсы пәндері үшін атқаратын пропедевтикалық рөлі.

32. Жаратылыстану пәнінің (5-сынып) биология курсы пәндері үшін атқаратын пропедевтикалық рөлі.

33. Биология курсының «Жалпы заңдылықтары» (9-сынып) пәнінің ерекшелігі.

34. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағдарындағы 10–11-сыныптарында оқытылатын «Жалпы биология» курсының ерекшелігі.

35. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағдардағы 10–11-сыныптарында оқытылатын «Жалпы биология» курсының ерекшелігі.

36. Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты, биология пәнінің МЖБС-ы мен мектеп түлегінің қасиет-сапалары арасындағы байланыс.

37. Оқыту әдістерінің классикалық жіктелісі (Е.И.Перовский мен Д.О. Лордкипанидзе бойынша).

38. Оқыту әдістері жіктелістерінің белгілі критерийлері (Ю.К.Бабанский бойынша).

39. Жалпығылыми зерттеудің теориялық әдістері мен оқушылардың логикалық ойлау мүмкіндігін дамыту арасындағы байланыс.

40. Жалпығылыми зерттеудің эмпирикалық әдістері мен педагогикалық эксперимент арасындағы байланыс.

41. Оқушылардың талдау (анализ), жинақтау (синтез), салыстыру, қорытындылау, нақтылау мен себеп-салдар байланысын дәлелдеу секілді логикалық операцияларға үйренуіне септігін тигізетін оқулық мәтіндері («Биология» өсімдік курсы мысалында).

42. Оқушылардың талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау, нақтылау мен себеп-салдар байланысын дәлелдеу секілді логикалық операцияларға үйренуіне септігін тигізетін оқулық мәтіндері («Биология» жануар курсы мысалында).

43. Оқушылардың талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау, нақтылау мен себеп-салдар байланысын дәлелдеу секілді логикалық операцияларға үйренуіне септігін тигізетін оқулық мәтіндері («Адам және оның денсаулығы» пәні мысалында).

44. Мектептік биология курсын оқыту әдістері: тарихы, бүгінгі жағдайы мен даму үрдістері.

45. Индукция, дедукция, талдау мен жинақтаудың өзара байланыстары.

46. Оқыту әдісі, тәсілі мен құралының бірлігі.

47. «Биология» өсімдік тарауын қорытындылайтын сабақтың технологиялық картасын құру, онда қорытынды сабаққа тән білім-біліктер мен құзыреттіліктер деңгейін жан-жақты тексеру мүмкіндіктеріне көңіл бөлу.

48. «Биология» өсімдік курсының бір тарауы бойынша сабақтардың мақсаттарын болжау жолын белгілеу, күтілетін нәтижеге жету ықтималдығын негіздеу.

49. «Биология» өсімдік курсының тарауын меңгерту процесін дамыта оқыту технологиялары арқылы жобалаудың ерекшеліктері (екі-үш сабақ мысалында).

50. «Биология» жануар курстарын жоспарлау қажеттілігі, оларды ұйымдастырып, өткізуге қойылатын талаптар (бір әлеуетті курстың сабағы мысалында).

51. «Адам және оның денсаулығы» пәнінің бір тарауын меңгерту процесін жеке тұлғаға бағыттап оқыту технологиялары арқылы жобалаудың ерекшеліктері (екі-үш сабақ мысалында).

52. «Адам және оның денсаулығы» пәнінің тақырыптарын медицина ғылымы салаларындағы жетістіктер жайлы мәліметтермен кіріктіре отырып оқыту ерекшеліктері (бір-екі сабақ мысалында).

53. Жаратылыстану-математика бағдарындағы «Жалпы биология» курсына таңдау курстарды жоспарлау қажеттілігі, оларды ұйымдастырып, өткізуге қойылатын талаптар.

54. Жаратылыстану-математика бағдарындағы «Жалпы биология» курсына қолданбалы курстарды жоспарлау қажеттілігі, оларды ұйымдастырып, өткізуге қойылатын талаптар.

55. Мектепте биологияны оқытудың материалдық базасын құру мен ұстау: теориялық аспектілер мен практикадағы өзекті мәселелер.

56. «Жалпы биология» курсына 10-сынып пәнінің мазмұнына кіретін, тіршіліктің құрылымдық жеке-дара деңгейлеріне қатысты тарауларды оқытуда құрастырмалы көрнекі құралдарды қолданудың маңызы («Клетка» тарауы мысалында).

57. Биология курсының мазмұнына кіретін, тіршілік процестеріне қатысты тақырыптарды оқытуда осы процестердің өтуін бейнелейтін анимацияларды қолданудың маңызы (бір-екі сыныптың сабақтары мысалында).

58. Мектептің жоғарғы сатысында биология пәндерінде тест тапсырмаларын қолдануда биологиялық білім беру қызметтерінің толыққанды орындалуының проблемасы.

59. Мектептегі биология курсынан өткізілетін сабақтарды тірі табиғат бұрышындағы, оқу-тәжірибелік учаскедегі жұмыстармен байланыстыру жолдары (бір сабақ мысалында).

Курстық жұмыстар тақырыптамасы (шамамен алынған)

1. Биологияны оқыту әдістемесінің осы курсты оқыту технологиясына ауысуына іргелендіру үрдісінің ықпалы.

2. Биологиялық білім берудегі экологияландыру принципі.

3. Гуманистік білім беру парадигмасының биологиялық білім беруде жүзеге асуының аспектілері.

4. Қазақстандағы биологиялық білім берудің XVIII ғ. соңынан бастап XX ғ. 90 жж. дейінгі дамуының бағыттары.

5. Т.М.Мұсақұловтың жаратылыстану пәндерін оқыту тұжырымдамасы: басты идеялары, принциптері мен мақсаттары әрі олардың іске асуы.

6. Қазақ тілінде жарық көрген кеңестік биология оқулықтары мазмұнының біртұтастығы.

7. Қазіргі биологиялық білім беруде вариативтілік принципінің жүзеге асуының өзекті мәселелері.

8. Материалистік философия биологияның оқыту мен тәрбие теориясы саласындағы отандық ғалымдардың жалпығылыми әдіснамасы іспеттес.

9. Қазіргі заман жағдайында биологияның оқыту мен тәрбие теориясы саласындағы жалпығылыми әдіснамалық ұстанымдарды ауыстыру перспективалары.

10. Мектептік биология курсының түлек бойындағы міндетті базалық құзыреттіліктерді қалыптастырудағы рөлі.

11. Биология пәнінің тақырыптарына MsOffice PowerPoint слайдтарын әзірлеу мен оларды сабақ кезінде пайдалануда дидактикалық принциптердің сақталу проблемасы.

12. Т.М.Мұсақұловтың мектеп оқушыларында биологиялық ұғымдарды қалыптастыру тұжырымдамасы.

13. ҚР мектептерінде орныққан биология курсы ұғымдарының жүйесі.

14. Биология-экологиялық тақырыптамаға қатысы бар терминдер мен атау сөздерді бекітетін терминологиялық сөздіктер арасындағы қарама-қайшылық – биологиялық ұғымдарды дамыту теориясының аса өзекті проблемасы.

15. Әртүрлі нұсқадағы оқу әдебиеті мен Қазақстан мектебі: өткені, бүгіні мен болашағы.

16. XXI ғ. мектебінде оқу-тәжірибелік учаскені ұйымдастыру: проблемалар мен оларды шешудің мүмкіндіктері.

17. Мектептегі биология курсының оқытуды сандық форматты оқулық басылымдармен өткізуге көшіру проблемасы.

18. Мектептегі биология курсының мазмұнында гуманитарлық аспектіні көздеудің маңызы.

19. Мектептік биология курсының оқытудағы іс-әрекеттік теория.

20. Мектептік биология курсының оқытудың теориялық негіздерін белгілеуде алыс-жақын шет мемлекеттерінің тәжірибесін ескерудің маңызы.

21. Мектептік биология курсында модульді оқыту технологиясын пайдалану.

22. Мектептегі биология курсындағы пәндердің тұжырымдамалық мнемосызбанұсқаларын жасап шығарудың теориялық негіздері мен В.Ф. Шаталовтың тірек сигналдарының конспектісі негізіндегі технологиясы.

23. Мектептік биология курсының белгілі бір тақырыптарын оқытуда жобалар әдісін пайдалану: өткені, бүгінгі мен болашағы.

24. Мектептік биология курсы бойынша сабақтарды технологиялық карталар арқылы жоспарлаудың оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне әсері.

25. Биология курсында оқушылардың жас шамасына, жеке басының ерекшеліктеріне қарай педагогикалық технологияларды таңдап, жүйелі пайдалану.

26. Елдегі білім берудің, соның ішінде биологиялық білім берудің стратегиялық даму бағыттары.

Аралық бақылау сұрақтары

1. Қазіргі қоғамның білім беру мекемелеріне қоятын талаптарының өзгеруіне қарай түлекке және маманға қойылатын талаптар.

2. Оқыту әдісі ұғымының анықтамасы, оның эволюциясы.

3. Биологияның мазмұн ерекшелігіне байланысты өткізілетін сабақ түрлері.

4. Биологияны оқыту әдістемесінің пәні, мақсаты және міндеттері.

5. Биологиялық білімнің оқу-тәрбиелік маңызы.

6. Биологияны оқытуда пайдаланатын инновациялық әдістер, олардың арасындағы байланыстар.

7. Биологияны оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану, оның маңызы.

8. Биологияны оқытудағы дидактикалық принциптер, оларға жалпы сипаттама.

9. Биологияны оқыту әдістемесінің пайда болуы, даму кезеңдері.

10. Биологиядан өткізілетін дәстүрлі, ішінара технологиялық және технологиялық сабақтардың құрылымындағы ерекшеліктер.

11. Оқытуды технологияландырудың дәстүрлі оқытудан ерекшелігі.

12. Білім беруде теория мен практиканың біртұтастығы. Биологияны оқытуда білік пен дағдыны қалыптастыру.

13. Биологияны оқыту әдістемесінің қазіргі кезеңі, ондағы өзгерістер мен жаңа талаптар.

14. Биологияны оқыту әдістемесі ғылым және оқу пәні.

15. Биологиядан оқушылардың білімін бағалау, бағаға қойылатын критерийлер.

16. Биология сабақтарында экологиялық, эстетикалық, табиғат қорғау және патриоттық тәрбие беру.

17. Қазіргі заманғы білім берудегі негізгі бағыттар, олардың ерекшеліктері.

18. Биологияны оқытуда пайдаланылатын бағдарлы сынып оқулықтарының ерекшеліктері. Бір оқулық мысалында қарастыр.

19. Мемлекеттік білім беру стандарттарын мектепке енгізу проблемасы. Биология пәнінің оқу стандарты.

20. Биология пәнін мектепте оқыту мазмұнындағы соңғы кездегі ерекшеліктер. Оларды талда.

21. Биология сабағын жобалау технологиясы негізінде ұйымдастыру.

22. Білім беру парадигмасы, дәстүрлі парадигманың гуманистік парадигмадан ерекшелігі.

23. Биология курсының мазмұны, жүйесі, оның принциптері.

24. Техникалық құралдарды сабақта пайдалану, олардың маңызы.

25. Оқыту әдістемесі, оқыту технологиясының ұғымдары, ұқсастықтары, ерекшеліктері, өзара байланысы.

26. Биологияны оқытуда педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімділігі.

27. Оқушылар білімін тексерудің жолдары мен әдістері, олардың оқу процесінде алатын орны.

28. Мектеп биологиясы пәнінің негізінде қалыптасатын ұғымдар, ұғымдар аппаратына талдау жаса.

29. Оқыту тәсілі ұғымының анықтамасы, оның эволюциясы.

30. Жаңа ғасырдың биология мұғалімдеріне қоятын талаптары.

Ұсынылған әдебиет тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Қисымова А.Қ., Обаев С.Н. Биологияны оқыту әдістемесі. Жалпы бөлім: дәріс курсы. Алматы, 2010.

2. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. – Қарағанды, 2006.

3. Андреева Н.Д., Соломин В.П., Васильева Т.В. Теория и методика обучения экологии: учебник для студ. высш. учеб.заведений / под ред. Н.Д. Андреевой. – М.: Издательский центр «Академия», 2009.

4. Никишов А.И. Теория и методика обучения биологии – М., 2007.

5. Конюшко В.С., Павлюченко С.Е., Чубаро С.В. Методика обучения биологии. – Мн., 2004.

6. Пономарева И.Н., Соломин В.П., Сидельникова Г.Д. Общая методика обучения биологии: Учеб. пособие для студ. пед. вузов / под ред. И.Н. Пономаревой. – М.: Издательский центр «Академия», 2003.

7. Торманов Н., Абылайханова Н.Т. Биологияны оқытудың инновациялық әдістері. Оқу құралы.-Алматы: 2013. -206 б.

8. Жұмағұлова Қ.Ә. және т.б. «Биология» пәні бойынша құзыреттерді қалыптастыру мен дамытудың әдістемесі. – Астана, 2012.

9. Андреева Н.Д., Малиновская Н.В., Соломин В.П. История становления и развития методики преподавания биологии в России. Учебное пособие. СПб. Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2012. –172 с.

10. Трайтак Д.И. Проблемы методики обучения биологии – М.: Мнемозина, 2002.

Қосымша әдебиет:

1. С.Е. Қуанышова. Биологияны оқыту әдістемесі. – Шымкент, 2003.

2. Андреева, Н.Д., Малиновская Н.В. Профессиональная ориентация при обучении биологии в старших классах: метод. пособие для учителя. – М.: Мнемозина, 2009.

3. Андреева Н.Д., Азизова И.Ю., Малиновская Н.В. Новые концептуальные основы обучения биологии в общеобразовательной школе в условиях реализации ФГОС: Учебно-методическое пособие. – СПб.: Изд-во «Свое издательство», 2014. – 219 с.

4. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Бірлескен оқу. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген V- құрал. - Алматы, 2012. – 78 б.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» /Егемен Қазақстан, 11 Қараша, 2014.

5. 68 Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Сабақтарды жоспарлау және бағалау. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген VI- құрал. - Алматы, 2013. – 55 б.

6. Андреева Н.Д., Азизова И.Ю., Левченко А.Л. Как стать ученым?:Рекомендации юным исследователям и их руководителям: Учебное пособие. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2013. - 91 с.

7. Организационно-содержательные модули для предпрофильной подготовки и профильного обучения учащихся по биологии: сб. уч.-метод. материалов / Под общ. ред. А.В. Теремова. – М., 2008.

8. Қисымова А.Қ. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жазбаша ресімдеу мен көпшілік назарына ұсыну. – Алматы, 2010.

10. Бабенко В.Г., Зайцева Е.Ю., Пахневич А.В., Савинов И.А. Биология: Материалы к урокам-экскурсиям. – М., 2002.

11. Внеклассная работа по биологии / А.И. Никишов, З.А. Мокеева, Е.В. Орловская, А.М. Семенова. – 2-е изд., перераб. – М., 1980.

12. Қазақстан флорасы мен фаунасы: жоғары сатыдағы өсімдіктер мен омыртқалы жануарлар. Құраст. А.Қ. Қисымова. – Алматы, 2008.

13. Сонин Н.И., Қисымова Ә.Қ. Биологиялық карталар. «Биология. 6-сынып. Тірі организм» оқулығына арналған дидактикалық материал. – Алматы, 2007.

14. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007.

16. Педагогические технологии. / Под общей редакцией В.С. Кукушкина. – М. – Ростов н/Д, 2006.

15. Проблемы школьного учебника : XX век: Итоги / Под ред. Д.Д. Зуева. – М., 2004.

16. Избасарова Р.Ш. Теория и технология преподавания Познание мира. Учебник для студентов вузов, Алматы, 2008.

17. Избасарова Р.Ш., Мансуров Б.А., Жумагулова К.А. «Применение современных технологий обучения на естественнонаучных дисциплинах общеобразовательной школы» - учебно-методическое пособие. Алматы. «Улагат», КазНПУ им.Абая. 2014. 67с.

18. Жұмағұлова Қ.Ә. Биологияны оқытуда қалыптасатын іс-әрекеттер (презентациялар, сызбалар) мұғалімдерге, студенттерге арналған оқу-әдістемелік құралы. Астана: 2015-41 б. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы.

19. Жұмағұлова Қ.Ә. Биологияны оқытудағы интербелсенді әдістер (презентациялар, сызбалар) мұғалімдерге, студенттерге арналған оқу-әдістемелік құралы. Астана: 2015-61 б. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы

Бағдарламаның құрастырушы-авторлар:

Қ.Ә.Жұмағұлова - п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Жаратылыстану және география институты, жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясы кафедрасының доценті;

Р.Ш.Избасарова - п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Жаратылыстану және география институты, жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясы кафедрасының профессоры.